



АШЫҚТЫҚ ЗАҢСЫЗДЫҚТАН САҚТАЙДЫ

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖЕМҚОРЛАРДЫҢ ШЕКАРАДАН ШЫҒУЫН ШЕКТЕУ КЕРЕК



Сыбайлас жемқорлық қылмысымен ұсталғандардың шет елге шығуына тыйым салу керек. Біздің елімізде олар небары 8 жылға бас бостандығынан айырылуға кесілгенімен, 2 жылда босап шығады да, ары қарай шетелге қоныс аударады. Жемқорлықпен иеленген мүлкін, қаржысын алып кетуге де еш кедергі жоқ. Егер бұған тыйым салынып, олар шетелге шығу мүмкіндігінен айырылса, жымқырған қаржысын елде жұмсауға мәжбүр болар еді. Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутат Азат Перуашев осылай деп мәлімдеді.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)

СҰХБАТ

Естай КУЛДИБАЕВ, тарих ғылымдарының кандидаты:

АТҚАРУШЫ БИЛІК ПЕН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОС ҚАНАТЫ

Қазіргі заман талаптарына сай азаматтық қоғамы дамымаған елдің уақыт сұранысына сәйкес ілгерілеуі қиын. Бүгінгі тәуелсіздіктің берік іргетасы – тек қазба байлықтары емес, саналы азаматтық қоғамды қалыптастыруда жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл туралы өз жолдауында: «Азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайтуымыз керек. Сонымен қатар, аса маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу барысында талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажет», – деп атап өткен еді. Президенттің бұл сөзі азаматтық қоғамның мемлекет пен халық арасындағы өзара ықпалдастықты арттырып, белсенді азаматтардың заң аясында бірігіп жұмыс істеуінің маңыздылығын көрсетеді. Белсенді азаматтық қоғам адам капиталының артуына, әлеуметтік-экономикалық дамуға, сондай-ақ демократиялық құндылықтардың орнығуына негіз болады. Сонымен қатар, азаматтық қоғам тек мемлекеттің бастамаларын қолдаумен ғана шектелмей, қоғамдағы өзекті мәселелерді ашық көтеріп, оларды шешуде белсенділік танытуы тиіс. Бұл үдеріс азаматтардың құқықтық сауатын арттыруды, олардың қоғамдық өмірге қатысуын ынталандыруды және әлеуметтік жауапкершілікті күшейтуді қажет етеді. Азаматтық қоғам – бұл әрбір азаматтың ерікті түрде өз мәселелерін шешуге, әлеуметтік дамуға үлес қосуы. Мысалы, экологияны қорғау, әлеуметтік әділеттілік орнату, білім беру сапасын арттыру сияқты салаларда азаматтық белсенділіктің рөлі айрықша. Осындай бастамалар арқылы азаматтық қоғам мемлекет пен халық арасындағы сенімді нығайтып, дамудың басты құралына айналады.

Осы тақырып аясында біз тарих ғылымдарының кандидаты, академия доценті Кулдибаев Естаймен сұхбаттасқан едік. Сұхбат барысында Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуы, оның мемлекетпен қарым-қатынасы жайындағы өзекті мәселелері талқыланды. Мамандардың пікірінше, азаматтық қоғамды дамыту елдің тұрақтылығы мен демократиялық құндылықтарының нығаюына негіз болады.

(Жалғасы 5-бетте)

– Қазақстандағы азаматтық қоғамның мемлекеттік құрылымдармен қарым-қатынасын қалай бағалайсыз? Бұл қатынасты қалай жақсартуға болады?

– Бұл сұраққа жауап бермес бұрын осы азаматтық қоғамға тоқталып өтуді жөн санадым. Жалпы айтқанда Азаматтық қоғамды құруға бірнеше фактор ықпал етеді, олардың қатарына азаматтық, әлеуметтік және саяси құқықтарды мойындау, түрлі салалар бойынша ұйымдар, қауымдастықтар құру, бұқаралық ақпарат құралдарының еркін әрі көп пікірде жұмыс істеуі, саяси партияларды қаржыландыру, орта тапты қалыптастыруда шағын бизнесті дамыту үшін қайырымдылық мекемелерінің заңдастырылуы, өзін-өзі басқаруды негізгі институттарға беру жатады. Азаматтық қоғамсыз демократиялық, құқықтық, әлеуметтік, зайырлы мемлекеттің өмір сүруі мүмкін емес, сондай-ақ, азаматтардың құқықтары, еркіндіктері және заңдық мүдделері қорғалмайды.

4-бет



Электрондық сауда үлесі бойынша үздік ондықтамыз

6-бет



Қаржы нарығын реттеу: банктерге қойылатын талап өзгере ме?

8-бет



...Жар астында

БАҒДАР

Рухани өңірдегі инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жыл қорытындысында барлық елді мекенді ауыз сумен қамту жоспарланған. Газдандыру, сапалы жарықпен және кәріз жүйесімен қамту бойынша жұмыстар қатаң бақылауда. Сондай-ақ, кәсіпкерлік нысандардың инфрақұрылымымен қамтылуы маңызды.

ӨМІР САПАСЫН ЖАҚСARTY – МІНДЕТ

Түркістан облысы әкімі Нұрлан Көшеровтың төрағалығымен өткен жиында тұрғындарды сапалы инфрақұрылыммен қамту жұмыстары сараланып, алдағы жоспарлар талқыланды. Өңір басшысы бұл бағыттағы жұмыстарға қатысты жауапты басқарма мен коммуналдық мекемелердің басшыларына және аудан, қала әкімдеріне нақты міндеттер жүктеді. Сын-ескертелер айтып, жұмысты күшейтуді тапсырды. Барлық жұмыстарды тұрақты қадағалауды, коммуналдық мәселелерді дер кезінде шешуді тапсырды. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Мұздыбеков энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жұмыстардың

барысы жайында өзекті мәселелерді баяндады. Биыл бұл салада 160-тан астам жаңа нысанның құрылысын жүргізу жоспарланған. Іске асырылатын жобалар бойынша нақты жоспар бекітілген.

Сонымен қатар, 2025 жылы бюджет есебінен 47 ауыз су нысанының құрылысы іске асырылады. Бұдан бөлек, 30 елді мекеннің жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп, қаржыландыру үшін бюджетке ұсынылды. Жыл қорытындысымен 30 мыңнан астам тұрғынды орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету жоспарлануда. Өңірде тұрғындарды табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жалғасады. Үстіміздегі жылы 47 газдандыру нысанының құрылысы іске асырылады. Оның ішінде 25 ны-



санның құрылысы биыл аяқталса, қалған 22 нысан құрылысы келесі жылы іске асады.

Тағы бір атап өтері, облыста электр энергиясымен қамтамасыз ету бағытында биыл 41 нысанның құрылысы іске асырылуда. Жыл қорытындысымен 18 елді мекендегі 22,3 мың халықты сапалы электр қуатымен қамту жоспарлануда. Сонымен қатар Түркістан қаласындағы 110 кВ-тық «Солтүстік» қосалқы станциясы іске қосылды. Одан бөлек, Келес ауданындағы 220 кВ-тық «Қызылқар» қосалқы станциясы және 110 кВ-тық «Л-6-А» электр желісіне дейінгі екі тізбекті

110 кВ электр желілерінің құрылыс жұмыстары аяқталып, іске қосылды. Нәтижесінде Келес, Сарыағаш, Жетісай, Мақтаарал, Шардара, Қазығұрт аудандарының тұрғындары тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етілді. Оған қоса, Төле би ауданында 110 кВ-тық «Алатау» және Жетісай ауданындағы 110 кВ-тық «Жетісай» қосалқы станцияларының құрылыс жұмыстарын аяқтап, пайдалануға беру жоспарлануда. Түркістан облысы бойынша жылытау маусымы штаттық режимде өтуде. Облыста 1 жылу энерго орталығы, 34 орталықтандырылған және 1 622 автономды қазандықтар бар. Қазір-

гі таңда 737 көпқабатты тұрғын үй мен 2 243 бюджеттік мекемеге жылу тұрақты берілуде. Сондай-ақ Түркістан облысы 2024–2025 жылдардағы жылытау маусымына қажетті көмір көлемімен кестеге сәйкес қамтылған. Одан бөлек, Кентау қаласындағы №95 жылу энерго орталығында 6 қазандыққа қайта құру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, Арыс, Ленгир қалалары және Таукент, Қызылқар кенттеріндегі қазандықтар ағымдағы жөндеуден толық өткізілді. Жалпы 2024–2025 жылдарға арналған жылытау маусымы тұрақты бақылауда.

Облыс әкімі Нұрлан Көшеров «Таза Қазақстан» бағдарламасының тұрақты жүргізілуін қадағалауды, кәсіпкерлік нысандардың басшыларына бизнес ошақтарының айналасын таза ұстауға қатысты тиісті жұмыстарды жүзеге асыруды тапсырды. Айта кетейік, 2024 жылдың қорытындысымен 807 елді мекеннің 767-сі, оның ішінде 7 қала, 760 ауылдық елді мекен немесе 95%-ы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар 1 833 455 тұрғыны бар 563 елді мекен яғни, 69,7 пайызға табиғи газға қосылуға мүмкіндік алды.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, 11-т. мекенжайында орналасқан, Ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «ақпараттық және есептеу технологиялары институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды (бұдан әрі-кәсіпорын) (кәсіпорынның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Пушкин к-сі, 125).

Кәсіпорын қызметінің негізгі түрлері:

- 1) ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу;
- 2) қолданбалы технологияларды әзірлеу, енгізу және дамыту, Кәсіпорын қызметінің ғылыми бағыты бойынша жаңа техниканың

тәжірибелік үлгілерін жасау бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу, оның ішінде ақпараттық технологиялар мен ғылымды қажетсініпін технологиялардың математикалық модельдерін жасау және енгізу;

3) ғылыми-зерттеу органымен ынтымақтастық
4) зерттеу жұмыстарын нормативтік, әдістемелік, метрологиялық қамтамасыз ету, информатика және математика бойынша мемлекеттік білім беру бағдарламалары бойынша ұсыныстар әзірлеу, оның ішінде информатика және математика бойынша білім беру стандарттарын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге қатысу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар және конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі сайтта орналастырылған

www.gov.kz/memleket/entities/sc Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті.

Конкурсқа қатысу туралы өтініштерді және өтінішке қоса берілетін құжаттарды қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады:

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, Министрліктер Үйі, 11-кіреберіс, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті, каб. 951.

Телефон арқылы анықтама:

8(7172) 74-19-05.

Электрондық пошта: ul.aelbekova@sc

ӨРТУРЛІ

5. ХАБАРЛАНДЫРУ

Талапкер Арзу ҚОЮНДЖУ-дың (Arzu Koyuncu) адвокаты Адвокат: Суат ҚОДЖА тарапынан жауапкер Нуреттин ҚОЮНДЖУ-ға (Nurettin Koyuncu) қарсы Азаматтық процесстік кодекстің (АДЖК-нің) 166-бабына сәйкес, неке одағының іргетасын шайқалуына және қатты келіспеушіліктерге байланысты сот ісі қозғалғандығы, сотқа шағым түсірілгендігі, сот істе қатысты ортақ балалардың қамқорлығына алу талапкер анасына берілуге, Талапкер үшін 10.000,00-ТЛ және бір ортақ бала үшін 10.000,00-ТЛ. сақтық шарасы алиментті тағайындауға үкім беруге, үкім берілген жыл сайын алименттердің ӨБІ (Өндірушілер бағасының индексі) бағамы бойынша ұлғайтылуға, Азаматтық іс жүргізу кодексінің (АДЖК-нің) 174-бабына сәйкес жауапкерден 500000,00 ТЛ. материалдық тұрғыдан өтемақысы және 750.000,00 ТЛ. моральдық өтемақы және есептелуі тиіс заңды өсімді бағасымен заңды пайыздармен жауапкерден өндіріп алуға, сот шығындары және адвокаттық төлем ақылары жауапкерден өндіріп алу туралы шешім қабылдауды талап етіп, сұралғандығына, Азаматтық іс жүргізу кодексінің (АДЖК-нің) 122, 127 және 128-баптарына сәйкес бойынша, хабарландыруды алған күннен бастап екі апта ішінде сот ісі өтінішке жауап берудің керектігі, Егер Сіз белгіленген мерзімде жауап беру өтінішін бермесеңіз, алға қойылған фактілердің барлығы жоққа шығарғаныңызды, бас тартты деп есептелетіндігіңіз мәлімделіп, жарияланады және хабарланады.

Кеңсе Қызметкері 133061 Судья 27546
Электрондық Қолтаңба Электрондық қолтаңба

Мекенжайы: АНКАРА 6-шы ОТБАСЫЛЫҚ СОТЫ
Толық ақпарат алу үшін: Фатих Кемал БЕКТАШ (Хаттама қызметкері)

17. Хабарландыру

РММ «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын басқару комитеті» Экологиялық кодекстің 96-бабының 2-тармағының талаптарына сәйкес, 2025 жылғы 28 қаңтардан бастап 5 жұмыс күні ішінде «Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданының Жалпақтал кентінен жоғары қарай Үлкен Өзен өзенінде су қоймасын салу» Жалпақтал, Қараөзен, Жаңажол ауылында жұмыс жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын басқару комитеті» РММ, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, №8 ғимарат, телефон: 8 (7172) 74-92-43 эл.пошта: sarsekeev.s@minagri.gov.kz

Бас жобалаушы: БҚО «Уралводпроект» ЖШС, Орал қаласы, Х. Чурин көшесі, 119 Н1 эл.пошта: urvodpr@mail.ru, телефон: 8 (7112) 53 51 64.

Түсініктеме мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама пакетін Бірыңғай экологиялық порталда көруге болады.

23. «KAZ SERVICES LTD» ЖШС өтініші бойынша Алматы қаласының ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотының 2025 жылғы 8 қаңтардағы шешімімен «ҚРБ СНАБ» ЖШС-ін (БСН 201240006911) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Сот отырысына дайындық 2025 жылдың 3 ақпан күні, сағат 10:20-ға тағайындалды.

25. Қостанай облысы сотының СМЭН-нің 08.01.2025 жылғы ұйғарымымен «Теміржолстройпроект» ЖШС-не қатысты оңалту туралы (БСН 080740009875) іс қозғалды. Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 70 мекенжайына хабарласыңыз.

БАНКРОТТЫҚ

16. Астана қаласы, мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (СМЭС) 2025 жылғы 13 қаңтардағы ұйғарымымен «ИП Антова Марина Михайловна» (ЖСН 700327400497) банкроттық туралы іс қозғалды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолың көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»

Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.

г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(707)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Тrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

МҰРАГЕРЛІК

3. 2024 жылдың 11 шілдесінде Беспайтененов Муратбайдың қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісін келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 41Б ғимарат, 210-211-кабинет, нотариус Е.Б. Бекқожаевқа хабарлассын. Тел. 87071624991, 87781624993.

7. 11 қараша 2024 жылы қайтыс болған азаматша Ақаева Аманкүл Айниетовнаның артынан мұрагерлік іс ашылғандықтан, нотариус Г.О.Абылкасымоваға, мына мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Водник-1 ұйым ауданы, №36/11 үйде орналасқан кеңсеге хабарласуларыңызды сұраймын, тел.87071268772.

8. 2024 жылғы 19 желтоқсанында қайтыс болған Мусапиров Ерболат Мусатаевичтің (28.10.1970 жылы туған) артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге нотариус З.С. Байтлесевоға мына мекенжай бойынша хабарласуларыңызды сұраймын: ҚР, Алматы қаласы, 3 шағын ауданы, 65-үй, 49-мекеме, тел. 8-707-123-17-78.

«Релама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. эл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, АХКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

ӨЗГЕРІСТЕРДЕН ҚОРҒАЛҒАН